



## Абай ауданының елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Абай облысы Абай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 11 қарашадағы № 190 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 12 қарашада № 365-18 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17847 болып тіркелген) сәйкес, Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Абай ауданының елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Абай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 7 ақпандағы № 15 "Абай ауданының елді - мекендеріндегі салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-5-165 болып тіркелген) күші жойылсын.

3. "Абай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының Абай облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Абай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсына орналасуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ.Жанғалиевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Абай ауданының әкімі*

*М. Смагулов*

Абай ауданы әкімдігінің  
2024 жылғы 11 қарашадағы  
№ 190 қаулысына  
қосымша

**Абай ауданының елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті**

№	Ауылдық округ	Елді мекен	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Қарауыл ауылдық округі	Қарауыл ауылы	1,37
2	Құндызды ауылдық округі	Жүрекадыр ауылы	1,05
3	Медеу ауылдық округі	Медеу ауылы	1,15
4	Тоқтымыс ауылдық округі	Тоқтымыс ауылы	0,95
5	Архат ауылдық округі	Архат ауылы	0,95
		Орда елді мекені	1,05
6	Кеңгірбай би ауылдық округі	Кеңгірбай би ауылы	1,25
7	Саржал ауылдық округі	Саржал ауылы	0,95
8	Қасқабұлақ ауылдық округі	Қасқабұлақ ауылы	0,95
		Бөрілі елді мекені	0,95
9	Көкбай ауылдық округі	Көкбай ауылы	1,25